

A vibrant spring-themed illustration. The background is a soft, light blue sky with a bright yellow sun on the right. In the foreground, there are green grassy areas and various flowers, including purple and pink blossoms. Several butterflies in yellow, orange, and pink are fluttering around. A small, colorful house with a red roof is nestled among the plants. The overall scene is bright and cheerful, representing the season of spring.

КӨКТЕМ
МЕЗГІЛІНЕ
АРНАЛҒАН
СЕРУЕН
КАРТОТЕКАСЫ



Серуен № 1

Бақылау. Гүлдейтін ағаштарды бақылау.

Мақсаты: Жеміс ағаштарының гүлдейтінін көрсету арқылы оларға түйнектің қалай пайда болатынын түсіндіру. Ағаштарды сындырмай, күтіп-баптау қажеттігін білдіру.

Қымалды ойындар: «Мысық пен тышқан»

Жеке жұмыс. Балаларға шие және алма ағаштарын гүліне қарай ажыратуға жұмыстану

Еңбек. Ағаш түбін қопсыту, су құю.

Көркем сөз: Отырғыз ағаш көктемде,
Жөн болмақ еңбек еткенің.
Келмесе шамаң екенге,
Сындырма жұрттың екенін.



Серуен № 2

Бақылау. Құстарды бақылау.

Мақсаты. Сауысқан, торғай, қарғаның қимылы-қозғалыстарындағы өзгешеліктерді байқауға және айтуға үйрету.

Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық», «Ақ серек, көк серек»

Жеке жұмыс. 4-5 баланы көздеп түсіруге жаттықтыру

Еңбек. Телімді жинастыру.

Көркем сөз: Қайталап атымды,
Көктемде ән саламын.
Кез келген ұяға
Жұмыртқа саламын.



Серуен № 3

Бақылау. Қараторғайды бақылау

Мақсаты: Құстар туралы білімдерін толықтырып, қарғамен салыстыру, ұқсастығын көрсету. Қамқорлыққа тәрбиелеуді жалғастыру.

Қимылды ойындар: «Арқан тартыс»,

Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға «Аталған құсты көрсет» дидактикалық ойынды үйрету.

Еңбек. Құстарға жем шашу.

Көркем сөз: Балалармен достасып,
Жазда бақты қорғайды.
Күзде кетер қоштасып,
Кім біледі... (торғайды)



Серуен № 4

Бақылау. Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау

Мақсаты: Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру.

Құмырсқа, масаларды бақылату арқылы олардың шазатынын, еңбекқорлығын көруге үйрету

Қимылды ойындар: «Масаны ұстап ал»

Жеке жұмыс. Жәндіктер туралы жұмбақтар

Еңбек. Жәндіктерге нан қиқымын беру.

Көркем сөз: Құмырсқа батыр,
Қимылдап жатыр.
Алды да ырғап,
Көтерді «бір қап»
Құмырсқа қыстан,
Шығады жырғап.
Жалқауға күллі
Құмырсқа үлгі.



Серуен № 5

Бақылау. Ауа райын бақылау

Мақсаты: Ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану.

Қимылды ойындар: «Кегліді көздеп құлат»

Жеке жұмыс. 4-5 баламен жіңішке жолмен тепе-теңдік сақтап, құламай жүгіру.

Еңбек. Ойын алаңының қоқыстарын жинау.

Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқару.

Көркем сөз. Жұмбақ.

**Жылт-жылт еткен,
Жырадан өткен. (су)**



Серуен № 6

Бақылау. Ауа райын бақылау.

Мақсаты: Ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану.

Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан»

Жеке жұмыс. Аспан туралы жұмбақтар шешу.

Еңбек. Телімдегі қағаз- қоқыстарды жинау.

Көркем сөз Орақ болып туады,
Табақ болып тұрады (ай)

Жымыңдатып көздерін,
Түнде алыстан жанады.
Таң атқанда өздері,
Жасырынып қалады (жұлдыздар)

The illustration depicts a whimsical garden scene. In the foreground, there are several green four-leaf clovers and purple flowers with yellow centers. A yellow butterfly and a pink butterfly are shown in flight. In the background, a small yellow house with a red roof and a chimney is visible. The sky is light blue with a yellow sun and several large, semi-transparent green and purple circles. The overall style is soft and illustrative.

Серуен № 7

Бақылау. Құстарды бақылау.

Мақсаты: Құстардың аттарын атап үйрету.
Қарға мен сауысқанның айырмашылығын
табуға жаттықтыру

Қимылды ойындар: «Біз көңілді балалар»

Жеке жұмыс. 2-3 баламен алғашқы ұшып
келетін құстар қаз, қарлығаш, бозторғай
туралы әңгімелесу.

Еңбек. Құстарға жем шашу, әкелерімен бірігіп
ұя жасауды ұсыну.

Көркем сөз. Жұмбақ жасыру.

Екі айыр құйрығы,
Қияқ мұрт қанаты. (қарлығаш)

The illustration depicts a whimsical garden scene. In the foreground, there are several flowers, including purple and pink blossoms, and green clover-like leaves. A yellow butterfly and a pink butterfly are shown in flight. In the background, there are soft, glowing circles in shades of purple, green, and yellow, suggesting a dreamy or magical atmosphere. A small, yellow house with a red roof and a chimney is visible in the lower right corner, partially obscured by the plants. The overall style is soft and artistic, with a focus on natural elements and a gentle, pastel color palette.

Серуен № 8

Бақылау. *Көгершіндер мен торғайларды бақылау.*

Мақсаты: *құстардың атауларын айтуға, бір-бірінен ажыратуға үйрету. Оларға қамқор болуға тәрбиелеу.*

Қымалды ойындар: *«Мысық пен тышқан»*

Жеке жұмыс. *Алақанмен допты жерге ұрып жаттықтыру.*

Еңбек. *Гүлзарларға гүлдерді отырғызу.*

Көркем сөз. *Көгершін*

*Көк көгершін, көгершін,
Көгеошін келер жем үшін.
Балалар жем себелік,
Жем жесін де семірсін.*



Серуен № 9

Бақылау. Күннің көзін бақылау.

Мақсаты: балаларға күннің сәулесінің пайдасын түсіндіру, өсімдіктер мен жәндіктер, барлық тірі табиғат үшін маңыздылығын білгізу.

Қымалды ойындар: «Қояндар мен қасқыр»,
Жеке жұмыс. 2-3 балаға жыл мезгілдерінің аттарын айтқызып үйрету.

Еңбек. Телімдегі ағаш қалдықтарын жинау.

Көркем сөз: Ақ сандығым ашылды,
Ішінен жібек шашылды.
(күннің көзі)

Серуен № 10

Бақылау. Күнді бақылау.

Мақсаты: Күннің сәуле шашуын, жер бетін жылытуын бақылау. Күннің көзі мен көлеңкедегі жердің қызуын салыстыру.

Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр», «Кім тұртті?».

Жеке жұмыс. Күн шыққанда екі-үш балаға жасаттау

Май берейін, құрт берейін,
Күннің көзі шық, шық,
Алақай, алақай,
Күн шықты, күн шықты,
Жер үстіне нұр шықты

Еңбек. Еріген суға жол ашу.

Көркем сөз. Арнау өлең оқу
Алақай, алақай!
Күн шықты, күн шықты,
Жер үстіне нұр шықты



Серуен № 11

Бақылау. Құстарды бақылау.

Мақсаты: құстардың аттарын атап үйрету.
Торғай мен сауысқанның айырмашылығын табуға
және олар туралы айта білуге жаттықтыру.

Қимылды ойындар: «Қуыспақ», «Мысық пен
құстар».

Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға тақпақ жаттату.

Торғай ағаш қорғайды,
Шыр-шыр еткен торғайды,
Таспен атып торғайды,
Қорғамасаң болмайды.

Еңбек. Құстарға жем беру.

Көркем сөз. Торғай, торғай, тоқылдақ,
Жерден тары шоқып ап.
Бөтегесі томпайып,
Шық-шық десіп отырады



Серуен № 12

Бақылау. Аула сыпырушы еңбегін бақылау.

Мақсаты: Аула сыпырушының құралдарымен таныстыру, олардың неге ? қалай ? қолданылатынын білдіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге және олардан өнеге алып еңбекқор болуға тәрбиелеу.

Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек», «Кім шапшаң?»

Жеке жұмыс. Еңбек туралы мақал жазтау.

Еңбегі аздың - өнбегі аз.

Еңбектің наны тәтті,

Жалқаудың жаны тәтті.

Еңбек Аула сыпырушыға көмектесу.

Көркем сөз. Қанатты сөздер.

Еңбегі аздың - өнбегі аз.

Еңбектің наны тәтті,

Жалқаудың жаны тәтті.



Серуен № 13

Бақылау. Ауа- райын бақылау.

Мақсаты: Бүгін күн қалай? Жылы ма, салқын ба бақылату. Оны қайдан және қалай аңғарып тұрсыңдар? Сұрақтарға нақты және толық жауап беруге үйрету.

Қимылды ойындар: «Үшты-үшты»

Жеке жұмыс. 1-2 баланы санауға, санды таны білуге үйрету.

Еңбек. Телімдегі құмды көтеріп жинау.

Көркем сөз. Арнау өлең оқу
Алақай, алақай!
Күн шықты, күн шықты,
Жер үстіне нұр шықты.



Серуен № 14

Бақылау. Ауладағы сиреньдерді бақылау, ағаштарының және бұршіктерінің өсіп келе жатырғанын, басқа ағаштармен салыстыру. Оның жұпар иісін искеу.

Қимылды ойындар: «Бір шоқ гүл жина»,
Жеке жұмыс. Үш, төрт баламен ағаштарды күтіп, баптау керек оны сындырмай басқа заттардан қорғауға үйрету. Оның көлеңке және табиғатқа сән беретінін айту.

Еңбек: Қыстан телімді тазалау.

Көркем сөз. Қырға кілем жайдым.
(қызғалдақ)



Серуен № 15

Бақылау. *Аспанды бақылау.*

Мақсаты: Аспандағы бұлттардың пішіндерін бақылау арқылы қиялын, зейінін дамыту. Олардың неге ұқсайтынын сұрау арқылы білімдерін толықтыру

Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан»,

Жеке жұмыс. *Жұмбақ жаттату.*

*Ақ сандығым ашылды,
Ішінен жібек шашылды. (күн)*

*Төбемізде тұрады,
Көгілдір боп әрдайым. (аспан)*

Еңбек. *Жапырақтарды жинау.*

Көркем сөз: *Бұлтқа*

- Ақсың, сұрсың, қарасың,
Қайда қалқып барасың ?
- Жерге нөсер төгемін,
Өссін гүлдер, көп егін !
- Гүл-гүл жайнап өсер көк,
Нөсерлетсең, нөсерлет.



Серуен № 16

Бақылау. *Транспортты бақылау*

Мақсаты: көлік түрлері туралы білімдерін толықтыруды жалғастыру. Оларды тануға, айырып атауға үйрету. Соның ішінде автобусты бақылату және олардың әртүрлі болатынын көрсету. Жол жүру ережелерін де қайталату.

Қимылды ойындар: «Өз орныңды тап»

Жеке жұмыс. Екі-үш балаға автобустағы мәдениеттілікті үйрету.

Еңбек. Алаңды жинау. Тазалыққа дағдыландыру.

Көркем сөз: М Жаманбалинов. «Автобуста»

Демалыс күн. Автобуста көп халық,
Отырды олар базарда да топталып.
Қоя салды орындықтың астына.
«Азаматтар. Алға қарай барыңдар»

The illustration depicts a whimsical garden scene. In the foreground, there are several flowers, including purple and pink blossoms, and green clover-like leaves. A yellow butterfly and a pink butterfly are shown in flight. In the background, a small yellow house with a red roof and a chimney is visible, surrounded by green foliage. The sky is light blue with a yellow sun and several large, semi-transparent green and purple circles. The overall style is soft and artistic.

Серуен № 17

Бақылау. Ауа райын бақылау.

Мақсаты: ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану.

Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Не өзгерді?»

Жеке жұмыс. Аспан туралы жұмбақтар шешу.

Еңбек. Телімдегі қағаз- қоқыстарды жинау.

Көркем сөз: Орақ болып туады,
Табақ болып тұрады. (ай)

Жымыңдатып көздерін,
Түнде алыстан жанады.
Таң атқанда өздері,
Жасырынып қалады. (жұлдыздар)



Серуен № 18

Бақылау: Күннің көзін бақылау.

Мақсаты: Көктемгі күннің қызуы туралы білім бере отырып, оның қарлар мен мұздарды ерітіп жатқанын бақылауға үйрету. Күн сәулесінсіз табиғаттың өмір сүре алмайтындығы туралы түсінік беру

Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»

Жеке жұмыс: 1-2 балаға жерге күннің суретін салуды үйрету.

Еңбек. Ойын алаңындағы қоқыстарды жинау.

Көркем сөз: Күн жылынып, қар еріп,
Сай-салаға толады.
Бөбектерім айтыңдаршы,
Бұл қай кезде болады?

(Көктем)



Серуен № 19

Бақылау. Темір жол бекетін бақылау.

Мақсаты: Поездың жолдарын, темір жол деп атайды, өзінің тоқтайтын бекеттері бар және сағаттарға байланысты жүретінін балаларға түсіндіру. Поездың өзінің бағдаршамы бар қызыл жанса, яғни поездар жақындады дегенді білдіреді
Қимылды ойындар: «Көпірден өт», «Темір жолмен жүр», «Жолдың жиегімен жүгір»

Жеке жұмыс. 2-3 Машинисттер туралы әгімелеу олардың өте жауапты жұмыс екенін түсіндіру.

Еңбек. Өз киімдерін ретімен мұқият киінуге, бауын байлауға жаттықтыру.

Көркем сөз. Жұмбақ.

Үш көзді батыр,

Жолды аңдып жатыр.

(Бағдаршам)

Серуен № 20

Бақылау. Жаңбырды бақылау, жауынның ағылынын, жауын жауғанын, соғыр жауын бақатындарын бақылауға бақылау түрінде түсіндіру. Бақаларды көктемнің көңілді күндерімен таныстыру.

Қимылды ойындар: «жаңбырдың жауған дыбыстарын шығару» қимылмен танылматып көрсету.

«Күн шықты жаңбыр жауды»

Жеке жұмыс. 2-3 балаға жұмбақ жазылу:

Көтеріліп теңізден,

Биіктен қайта түскенде,

Аспанға биік барамын.

Өңі кірер далағаң. (Жаңбыр)

Еңбек. Телімдегі ағаш суреттермен, қалай қалдығын, айнек т.б. заттарды жасау.

Көркем сөз. Жаңбыр жауса жер ырысы
Батыр тұса ел ырысы.